

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Естіге өсек не керек?

ЖАРИЯЛАНДЫ
27.05.2023СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/139550/

Адамның ойы,көзқарасы,санасы күнде өзгереді ғой шіркін...Кешегі пікірдің бүгін құнсыз болып қалуыда әп сәтте.Кейде өзіміз білмейтін не білуге тұрарлық ақпараттарды қабылдамаймыз.Бірақ әншінің не актёрлардың өмірлерінен тың ақпарат ести қалсақ зеріттеуге,келеке етіп күлуге,Күлудің үстінен тығырыққа тіреуге дайын тұрамыз. Айналамазыдағы достарға: Қара анау мынаумен жүріп кетіпті,айырылысып кетіпті деп өсекке құмартамыз.Бірақ өзімізге келгенде «Сүттен ақ,судан таза бола қалатынымыз қалай?!»Өз өмірім» «Өз қалауым»деген стереотипті өзімізге ғана қалыптастырып,өзгелердің жүрегін тас көреміз.Өмірімізге 1 тиындық құны жоқ адамдардың өмірін талқылау,күлу,мазақ ету,өсек айту сыңды лас істер біздің санымызды қиратып, Болашаққа деген сенім мен жоспарларды бұлдырататынын тіпті жойып жіберетінін қашан түсінеміз?Өз өміріміздің Мәні мен Болмысын білмей жатып,өзгелерге күлуді, өсектеуді доғару керекпіз.Өз өмірінің Мәні мен Болмысын анық біліп,іздене бастаған адамға өзгенің өмірі қызық емес болатыны қаһ. Итке төсек не керек, Естіге өсек не керек.

Ғалымжан Айгерім.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: KZ45VPY00102718 — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.